

Әлеуметтік қауымдастықтың қалыптасуы

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан қоғамы өзінің қадам басқан жаңа өмір сүру тәсіліне сәйкес жаңа институттар құруға кірісті. 20 жылдық тәуелсіздік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қоғамдағы басым көпшілік салаларда айтарлықтай табыстарға қол жетті. Жеткен жетістіктеріміз туралы Елбасы өзінің жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында және биылғы стратегиялық Жолдауында да нақты атап көрсетіп келеді. Сонымен қатар күрмеуі қиын, сондықтан шешуі де қиын мәселелерде жеткілікті. Осы қатардағы талас пікірлерге сұранып тұратын өзекті мәселеге тұрақтылықтың тұтқасы деп атауға тұратын ұлт мәселесін жатқызуға болады.

Бұл мәселе қазақ халқының өткен тарихында да жыр болып келген. Ал енді 1917 жылғы орыс революциясынан бастап қазақтың тарихи тағдырына айналып, осы уақытқа дейін күн тәртібінен түспей келеді. Мысалы Сталиннің өзімбілдік ұлт саясатын кезінде батыс зерттеушілері-А.Беннигсен, Ш.Лемерсье-Келькеже қатаң сынға алды. Олардың айтуынша Сталин ұлт мәселесін идеологияның қызметшісіне айналдырды, біртұтас кеңес халқын құру идеологиясы ұлттарды жұтып қоя жаздады. Азамат соғысы кезеңіндегі ақтар мен қызылдар бұрынғы Россия құрамына кірген халықтар үшін ақ империялық және қызыл империялық саясат ұстанғандығын Мұстафа Шоқай да суреттеді.

Қоғамдық организм де адам организмі сияқты өзінің ауырған жері туралы көбірек айтады. Яғни бір нәрсе туралы айтыс, сөз организмнің, жүйенің ауырып тұрған жерін көрсетеді. Егер еш жері ауырмай барлығы сау болса, онда ол туралы сөз шықпас еді. Демек ұлт мәселесі қазақ халқының шешілмей келе жатқан түйіні, жазылмай келе жатқан ауруы. Ұлт мәселесі жолында қазақ халқының таңдаулы перзенттері күресіп, тер де қан да төкті, құрбан болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін де ұлт мәселесі көрінбейтін қақтығыстар мен қайшылықтардың майданы болып қала берді. Ұлт мәселесі қазақ халқы ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де тіл мәселесі болып қайта саяси аренаға шығып, қазіргі кезеңде толастамай, әлсін-әлсін бой көтеруде. Мұның бұлайша толқуын белгілі бір ұлт тұлғаларының (ұлт патриоттары) немесе саяси оппозицияның белсенділігінен көрудің тіптен де қажеті жоқ. Өйткені ұлт мәселесі қазақ халқының шешілмеген ішкі қайшылығы, яғни жазылмаған жан жарасы. Ол бүгін тіл болып көтерілсе, ертең дін немесе діл болып көтеріледі, ал арғы күні жұмыссыздық, әлеуметтік теңсіздік, демографиялық қайшылық т.т. болып шыға береді. Сондықтан бұл мәселе сындарлы ғылыми зерттеулерге, беделді пікірлерге осылар негізінде шешуші саяси қадамдарға сұранып тұрған мәселе.

Ұлт феномені тарихи қауымдастық ретінде өз бастауларын алғашында ру, тайпа солардың негізінде қалыптасқан этностар және халықтар бірлестігінен алады. Ру, тайпа, халық белгілі бір адамдар

тобының, негізінен алғаш қандас туыс адамдар (семья, этнос) тобының сан жағынан тарихи көбеюіне, сондықтан да тұрақты географиялық тіршілік кеңістігінің ұлғаю қажеттігіне байланысты туындаған тарихи қауымдастықтар. Қауымның сандық өсуіне байланысты оның тіршілігі ру не тайпа шегінде реттеліне алмайды, ұлғаюға байланысты тіршілік қамын басқаша, алғашында экономикалық тіршілігін басқаша ұйымдастыру қажет болады. Бұлар тарихи қауым құрылымы мен дамуының базисін, фундаментін құрайды. Осыған байланысты адамдар қауымдастығы: семья ру, ру тайпа, тайпа халық болып өзгереді, оларды реттеп отырудың жолдары да өзгеріп отырады. Бүкіл әлемдік тарихтағы оқиғалардың барлығы, ұлы тұлғалардың тарихтағы рөлі, оның ішінде соғыстар мен революциялар, сауда, теңіз- мұхиттық қатынастар, қалалар мен қолөнер, ғылым мен өнер дамуы да бар осы орбитада айналыс жасайды. Егер адам қауымдастығының рулық тайпалық формасында қандас туыстық анық түрде семьялық (фратрия) қатынастар арқылы көрінсе, адамзат дамуының халықтық сатысында қандас туыстық оның ішкі құрамдас бөлігі болғанменен онда азаматтық, қоғамдық жағы басымдық ала бастайды. Демек халық қандас туыс емес топтар арқылы да құрыла береді. Бұл құбылыстың себебін жеке меншік пен сауда саттықтың дамуымен, өндіріспен, мемлекеттің пайда болып, заң нормаларының күшіне ене бастауымен түсіндіруге болады. Егер алғашқы рулық-тайпалық қоғамда қауымдық (ортақ) меншік орнығып, қауымдағы экономикалық-әлеуметтік қатынастар мораль арқылы реттелінсе және осыған сәйкес билік көсемнің (моральдық символға айналған жеке адам) қолында болса, ал қауым халықтық сатыға көшкен жағдайда, мысалы варварлық дәуірде жеке меншік орнығып, мемлекеттік билік (тирандық немесе демократиялық) бой көтереді, қауымдық қатынастардан қоғамдық қатынастарға айнала бастаған әлеуметтік құбылыстар моральдық талаптармен қатар заң нормаларымен де реттеліне бастайды. Мұның өзі адамдар арасындағы моральға негізделген әдет-ғұрып пен заңнан пайда болған құқықтық мәдениеттің, жазылмаған қауымдық ережелер мен жазылған формалды нормалардың, көне мен жаңаның қайшылығына, қақтығысына тіпті соғыстарына, яғни хаосқа алып келіп басқа формада қайта түзіліп отырады. Бірақ арғы жағында адамдардың өмір сүру тәсілдерінің өзгеруіне, алмасуына тікелей байланысты. Менің айтып отырғаным экономикалық-әлеуметтік алғы шарттардың пайда болуы. Біз бұл жерде бір жақты анықтама бере алмаймыз. Себебі адам өмірінде табиғи жаратылыс заттары мен құбылыстары сияқты тек себептілікке, демек қажеттілікке бағынатын таза нәрсе болмайды. Сондықтан да жаратылыстану ғылымдары мен қоғамтану ілімдері бір біріне ұқсамайды. Бірінде мүмкін емес нәрсе екіншісінде қажет және керісінше. Адам өмірі - конгломерат, аралас, жоғарғы сатыда төменгі сатылар сақталынады, қалыптасқан белгілі бір ахуалда шешуші де рөл атқарып кетуі мүмкін. Әрқайсысы өмір сүруге хақы бар мүдделер мен ниеттер жиынтығы, демек өзінше болмыстар дүниесі. Олар ешуақытта жойылмайды (адам жойылмай

жойылмайды), тіршілік заңына бейімделіп басқа өміршең формаға орын босатады, бастапқылары кейінге ысырылады. Семья, ру, тайпа, халық, ұлт осындай формаларға, айталық институттарға жатады. Олай болса бұл жерде тек жаңа басымдықтарға ғана екпін жасап зерттеулер жүргізе аламыз. Марксизм теориясына негізделген Кеңес дәуірінің ұлт мәселесіндегі теориялық және практикалық кемшіліктері бір жағынан идеологиялық кіреукеңің әсері болса, екінші жағынан қоғамдық құбылыстардың көрсетіліп отырған қалыптасу ерекшелігіне мән бермеуіне байланысты. Марксизм тек таптық құрылымға басымдық береді және таптық мүдде аталған әлеуметтік құрылымдардың тікелей генезисі ретінде біржақты алып қаралынады. Ал шын мәнінде олар, мысалы ұлт синкретикалық, көп жақты құбылыстар. Анықтама, дефиниция қарсы пікірді қабылдамайтын біржақтылықты талап етеді. Олай болса ру, тайпа, халық, ұлт сияқты адамзат дамуының тарихи формалары көрсетілген себепке байланысты бұл талапқа жауап бере алмайды. Осы жағынан олар тылсым, ашылуын күтіп тұрған заңдылық, яғни ғылыми факт емес, экономикадан туындайтын саяси, қала берді моралдық талап, яғни өмір сүру талабы.

Цивилизация дамуының басқа адами құбылыстары сияқты ұлт феномені де бостандық заңдылығына бағынып, содан туындайды, оның идеалы да сол бостандық. Жаңа дәуір-Батыс Еуропаның жаңа өмір сүру тәсілі, капитал билігі, тауар мен нарық билігі адам бостандығын күн тәртібіне қойды, және ол тарихи шешімін тапты. Адам автономды, ол тәуелсіз, басқаларға тең. Осы кезеңнен бастап қоғам өмірінде (Еуропада) адамның азаматтық сатыдағы тарихы басталады. Заңмен мойындалатын адамның құқықтары - өмір, меншік және бостандық енді қоғамның реттеуші күші, ұраны, қала берді түпкілікті мақсаты. Осы кезеңнен бастап ұлт мәселесі, ұлттық қарым қатынас, ұлт ұғымы әлеуметтік өмір мен ілімде берік орын ала бастады. Демек ұлттың фундаменталды негізі бостандық та, ал бостандық жаңадан пайда болған өмір сүру тәсілінің-капитализмнің де негізі еді. Бұл жағдайда кімнің қандай рудан, тайпадан, халықтан екендігі өзінің тарихи мәнін жойылтады немесе формалды сипатын ғана сақтап қалады, тарихта адамдар қауымдастығының жаңа формасы - ұлт өмірге келеді. Халық жалпы ұғым, оған ру тайпа ұғымдары кіреді. Халық өз бойына басқа этностарды да сіңіре алады. Бірақ біз белгілі түрде бір халық туралы айтатын болсақ, онда барлық этностардың жиынтығы бір халықтың басшылығымен, былайынша айтқанда, негізгі халықтың басымдығымен өмір сүре алатынын көреміз. Қазіргі Президентіміз жүргізіп отырған әлеуметтік саясат осы векторда жылжуда. Бұл сол халықтың тілін, менталитетін, мәдениеті мен дінін мойындаған жағдайда іске асады. Және бара-бара сол халықтың атымен өмір сүріп, яғни сол халыққа айналады. Қытай, Үнді, Ресей, Еуропа елдері тарихы осылай құралған. «Барлық ұлттар әр түрлі тайпалардан, халықтардан және нәсілдерден пайда болды. Ұлт дегеніміз нәсілдік, діни немесе мемлекеттік қауымдастық»- деген тұжырым шындыққа бір табан жақын. Бұл халықтардың қалыптасу

тарихы-соғыс тарихы, ессіз тарихи қажеттіліктің жұмысы болып келді. Тарихта бұл зорлық жолымен іске асқан. Әлбетте халықтардың белгілі бір халық болып қалыптасуында зорлықтың, жаулап алушылықтың рөлін жоққа шығара алмаймыз. Тарихтағы империялар дәуірі құлдық, феодалдық, капиталистік дәуірді қамтиды және бұл рулардың, тайпалардың, этностардың зорлау мен шапқыншылық процесінде халық болып қалыптасу дәуірі. Басқа халықтың байлығын зорлау арқылы иемденіп, отарлау саясаты әр дәуірде әр түрлі сипатқа ие болады. Бірақ олардың ішкі мәні сол империя күйінде қалады. Империялық саясат тонын өзгерткен күйде қазір де жүріп жатыр. Демек халықтардың бірігуі де тоқтаусыз жүре береді. Халықтардың қалыптасуында қандас жақындықтан гөрі тіршіліктің соғыс-саяси, яғни зорлыққа сүйенетін жағы басымдыққа ие болады. Тарихи топтардың бір жағы байлыққа иелік ету үшін шапқыншылыққа біріксе, екінші жағы шапқыншылықтан қорғану үшін бірігеді, яғни осы негізде кейін халық болып қалыптасады. Қандастық халық болып қалыптасуда көмекші, жанама, бірақ шешуші рөл атқара алмайды. Алайда халықтың қалыптасуы шексіз шарықтай бермейді. Батыстан басталынған «еуропалық координат»-капитализмнің нарық заңы, айырбас арқылы келісім-шарт қажеттігін туындатып, заң билігін, заң талаптарын дүниеге алып келіп халық дамуын басқа сапалық деңгейде шектейді. Заң тек сөз, немесе жазылған сөз, норма, ереже. Ол міндетті түрде материалдануы яғни институтқа айналуы шарт, яғни міндетті түрде күшпен, зорлау аппаратымен кепілдендірілуі, қорғалуы қажет. Сөйтіп мемлекет жаңа функционалды институтқа-құқықтық мемлекетке айналады, өз территориясын, шекарасын, ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтасыз етеді. Яғни халық зорлықпен емес, цивилизациялық (заңмен, келісім-шартпен) векторменен өзінің физикалық өмір сүру контурын белгілейді және бұл басқа мемлекеттермен мойындалады, танылады. Осы кезеңнен бастап халық ұлтқа айналады, немесе ол айналуы тиіс. Бұл тарихи метаморфозаның классикалық жолынан өткен әрине Батыс Еуропа екені шындық. Ұлт болып қалыптасу тарихи коллизияларға толы, діни реформалар, революциялар, азаматтық соғыстар әр түрлі халықтардың, этностардың ұлт болып қалыптасуының алғы шарттары, ұлт ретінде пісіп жетілу жолдары. Осы арада зерттеулерде акцент жасалына бермейтін мына жағдайға назар аудару керек есептеймін. Капитализм жағдайындағы жеке адам бостандығы мен нарық заңы, заң билігі және басқа да институттардың пайда болуы өздігінен ұлтты қалыптастыра алмайды. Ол үшін азаматтық сана, қандастық жақындықтан жалпы адамдық жақындықты уағыздайтын рухани деңгей, жаңа мәдениет, жаңа этос (ділдік немесе ғұрыптық сана) қажет. Мұның өзі бірден пайда болмайды. Бұл да ұзақ дамудың жемісі. Батыс Еуропа бұл жолдан да өткен. Ондағы діни, философиялық, өнер әлемі, саяси және ғылыми даму еуропалықтар санасын бұрын соңды болмаған жаңа деңгейге көтерді, онда өзіне өзі жеткілікті, ұлы Абай өте терең пайымдаған «толық адам» қалыптасты. Сондықтан да олар сайлау жолымен ой-санаға, қоғамдық келісімге

негізделген мемлекет құра алды. Сонымен қатар жеке адамды мемлекеттің тарапынан болуы мүмкін әділетсіздік пен басқыншылықтан қорғай алатын азаматтық институттар құра бастады. Яғни оларда азаматтық қоғам пайда болды. Міне осы уақыттан бастап олар өзін адам жаратылысының ұлттық деңгейіне көтеріле алдық деп айта алады. Осы тұжырымға сүйене отырып орыстар (бұл жерде Ресейді мекендеген барлық халықтар мен этностардың жиынтық ұғымы) мұндай тарихи коллизиядан өтпеген, сондықтан оларда заңға табынушылық жоқ, азаматтық қоғам, демек азаматтық этос әлсіз, жоқтың қасы, олай болса еуропалық өлшеммен алғанда әлі ұлт болып қалыптаспаған, олардың цивилизациялық жеңілістері осыған байланысты деп айтуға болады. Бұл пайымдар біздің еліміз бен мемлекетіміз туралы біраз көңілсіз ойларға жетелейді.

Жәнібек пен Керей ханның кезінен бастап Қазақ хандығының құрылуы және қазақ идеясының пайда болып рулардың топтасуы, осы негізде қазақ халқының қалыптасуы басталды. Ұсақ бытыраңқы тайпалар бірігіп қазақ атауына ие болды, даланың көшпенділер мемлекеті өмірге келді. Бұл біз жоғарыда көрсеткен әлеуметтік-экономикалық алғы шарттардың пайда болып, қазақтардың рулық тайпалық бірлестіктен халықтық бірлестікке, халық атауына ауыса бастағанының белгісі немесе алғашқы көрінісі. Әдебиеттерде жазылып жүрген жаңа қазақ қауымдастығы-халықты қалыптастырған «халық даналығы», «халық дипломатиясы», «халықтық инстинкт»-қазақтың рух өмірі, қоғамдық санасы, Еуропадағы рухани даму Ренессансының баламасы. Қазақтардың халықтық санасы, рулық емес халықтық этносы өз өмірін сақтау үшін, тірі қалу үшін жан алысып, жан беріскен қақтығыстар мен соғыстарда (қакырғанда қан түсті, түкіргенде жын түсті) пайда бола алады (ашынғаннан шығады ащы даусым) және өзінің осы тарихи драмасының нәтижесінде ғана халық болып жер бетінде өзінің өмір сүруге хақын жеңіп алды. Осыдан кейін қоғам өмірінде рулардың бірлестігінен халық бірлестігі басымдыққа ие бола бастайды да рулар оның құрамына кіреді. Біз әлеуметтік өмірдегі өзгерістер деп отырғанымыз жаугершілік заман, шапқыншылық, жерге талас, малға талас т.т. қазақ халқы осы жолдан өтті, өзінің халық бола алатындығын тарих алдында дәлелдеді. Бірақ қазақ халқының өткен тарихи жолы мен тағдыры Еуропа координаттарына сәйкес келмейді. Ол экономикалық салада, саясатта және рухани өмірде де солай. Мысалы бостандық, адамның еркіндігі мен автономдығы қазақ өмірінде шартты, символды, немесе соған ұқсас өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Мұны Шығыс деп те айтуға келе бермейді. Ал азаматтық қоғам туралы айтуға да тұрмайды. Кейін орыс бодандығында болып, орыс революциясынан кейінгі формалды немесе жасанды, қуыршақ мемлекет болғанымыз намыс тұрғысынан ренішті болғанымен қазақ халқының халық болып, ұлт болып қалыптасуында белгілі бір деңгейде рөл атқарғанын жоққа шығаруға болмайды.

Тәуелсіздіктен кейін талас пікірге айналған саяси философия кеңістігіндегі дискурс-қазақстандық ұлт қалыптастыру идеясы. Әрине бұл

да сәл намысқа ойнайтын нәрсе. Неге ұлт қазақ болмай қазақстандық болуы керек? Бұл да біздің халық болып қалыптасудағы ерекшелігімізге байланысты. Халықтың 40 пайызға жуығы басқа халықтар, шамамен 50 пайызға жуығы орыстанған шала қазақтар. Экономикалық қуат пен саяси билік басымдығы солардың қолында. Президентіміздің меңзеуімен біз бара жатқан Ресейге, Еуропаға не қазақ емес, не орыс емес, жасанды менталитеті бар солар жақын, демек Батыс жағалауға өтетін көпір солар. Қоғамды мүдделер мен ниеттер билейтіні рас болса, әзір мүдделері, ниеттері бөлек солар қоғамды билеп отыр. Нақты билік солардың қолында. Неге біз өмір ақиқатын мойындамаймыз? Қайта біз не болса соған кикілжіндесе бермей қазіргі тарихи ұтылысымызды болашақ ұтысқа шығаруды ойластыруымыз керек. Қонституция, жер, рух пен тіл, ынта мен намыс таза қазақ жағында, бұл мықты фундамент. Сондықтан Қазақстандық ұлтқа әлі ертерек шығар бірақ Қазақстандық халық идеясын, қазақтың тілі мен дінін, ділін саяси және мемлекеттік ықпалменен ілгері жылжытуымызға болады. Тағы бір назар аударатын нәрсе, қоғам дамуында рационализмнің (эволюциялық дамудың) етек алуына байланысты халық пен ұлт құбылыстарының арасындағы айырмашылық өшіріле бастайды. Цивилизациялар дамуының әлемдік стандарты бойынша қайшылықтар мен түйіндер, сатылар мен деңгейлер метаморфозасы революция немесе соғыстар арқылы шешілмейді, келісімдер, дөңгелек стөлдер, дипломатия, өзара шегіністер арқылы шешіледі. Азаматтық қоғамда адамдар мәселені азаматтық құрылымдармен яғни ой-санаға, зердеге негізделген жаңа институттар құру арқылы шешеді. Мұны әлеуметтік технология немесе әлеуметтік инженерия деп атайды.

Оңғар Бермаханов, философия ғылымдарының кандидаты. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті